



САЛЫҚ ЗИМАНОВ 100 ЖЫЛ

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»


Республикалық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның материалдары

Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН,
ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ДЕЯТЕЛЬ»

Материалы республиканской
научно-практической конференции

Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ, МЕМЛЕКЕТ
ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары
Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН, ОБЩЕСТВЕННЫЙ
И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»**

Материалы республиканской научно-практической конференции
Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Төраға (Председатель):

Сыдықов Е.Б., ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
мүшелері (члены):

Оңғарбаев Е.Ә., заң ғылымдарының докторы, профессор
Мерзадинова Г.Т., техника ғылымдарының докторы, профессор
Қозыбаев И.М., тарих ғылымдарының докторы, профессор
Сматлаев Б.М., заң ғылымдарының докторы, профессор
Нұрмағамбетов А.М., заң ғылымдарының докторы, профессор
Тлепина Ш.В., заң ғылымдарының докторы, профессор
Сембекова Б.Р., заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Сақтағанова И.С., заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Бас редактор (Главный редактор):

Абдрасулов Е.Б., заң ғылымдарының докторы, профессор

Жауапты редакторлар (ответственные редакторы):

Дауталиев Қ.Н., заң ғылымдарының кандидаты
Женисов С.К., заң ғылымдарының магистрі

Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 242 б.

Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель: материалы республиканской научно-практической конференции. / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2021. – 242 с.

ISBN 978-601-337-529-8

Жинақта 19 ақпан 2021 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланып отыр.

Басылым ғылым және тәжірибе қызметкерлеріне, оқытушыларға, PhD докторанттар мен студенттерге, сондай-ақ ҚР ҰҒА академигі С.З. Зимановтың мұрасына қызығушылық танытқан жалпы жұртқа арналады.

В сборнике представлены доклады и выступления участников Республиканской научно-практической конференции «Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель», состоявшейся в Евразийском национальном университете имени Л.Н.Гумилева 19 февраля 2021 года.

Издание адресовано научным и практическим работникам, преподавателям, PhD докторантам и студентам, а так же для всех, кто интересуется наследием академика НАН РК С.З.Зиманова.

ӘОЖ 340
КБЖ 65

ISBN 978-601-337-529-8

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021
© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021

**Мазмұны
Содержание**

<i>Предисловие к материалам республиканской научно-практической конференции.....</i>	6
--------------------------------------------------------------------------------------	---

**1-бөлім. Конференция қатысушыларына арналған құттықтаулар
Часть 1. Приветствия участникам конференции**

<i>Тоқаев Қ.К.</i>	Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтау сөзі.....	11
<i>Тогжанов Е.Л.</i>	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының құттықтау сөзі.....	12
<i>Мәми Қ.Ә.</i>	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының құттықтау сөзі.....	15
<i>Асанов Ж.Қ.</i>	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының құттықтау сөзі.....	16
<i>Дәуленов М.М.</i>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрінің құттықтау сөзі.....	18
<i>Бекетаев М.Б.</i>	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің құттықтау сөзі.....	20
<i>Құл-Мұхаммед М.А.</i>	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутатының құттықтау сөзі	22
<i>Жұрынов М.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Президентінің құттықтау сөзі	24
<i>Абдолла С.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Төрағасының құттықтау сөзі.....	26

**2-бөлім. Ғылыми баяндамалар
Часть 2. Научные доклады**

<i>Сыдықов Е.Б.</i>	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының кіріспе сөзі.....	30
<i>Сұлтанов Қ.С.</i>	Академик Салық Зимановтың заңшығарушылық қызметке қосқан үлесі.....	32
<i>Абдильдин Ж.М.</i>	Салық Зиманов – выдающаяся целостная личность.....	33
<i>Сабыкенов С.Н.</i>	Академик С.З. Зиманов - выдающийся учёный-юрист современности, основатель юридической науки и юридического образования Казахстана.....	36
<i>Алимбеков М.Т.</i>	Ұлағатты ұстаз туралы сөз.....	38
<i>Дулатбеков Н.О.</i>	Салық Зиманов мұрасының өміршеңдігі туралы.....	42
<i>Шапақ У.</i>	Салық Зимановтың конституциялық құндылықтар туралы көзқарастары.....	44
<i>Сәрпеков Р.Қ.</i>	Өнегелі өмір.....	46

<i>Ударцев С.Ф.</i>	Академик С.З. Зиманов: основные направления научных исследований (из истории юридической науки).....	50
<i>Нурғалиева Е.Н.</i>	Положение наемных работников на предприятиях с иностранными инвестициями.....	56
<i>Тлепина Ш.В.</i>	Труды академика Зиманова С.З. как мировоззренческая и методологическая основа историко-правовых исследований.....	61
<i>Абдрасулов Е.Б.</i>	Вопросы национальной государственности и государственного суверенитета в политико-правовых воззрениях академика С.З. Зиманова.....	74
<i>Нурмагамбетов А.М.</i>	Академик С.З.Зиманов о проблемах государственности в истории Казахстана.....	80
<i>Ахпанов А.Н.</i>	Компаративно-правовое исследование свидетельского иммунитета.....	84
<i>Ибрагимов Ж.И.</i>	Академик С.Зимановтың билер соты туралы идеялары.....	88
<i>Шангирбаева Б.Ю.</i>	Свобода выражения мнения в кочевой цивилизации казахов. Некоторые взгляды академика С.З. Зиманова.....	95
<i>Балтабаев К.Ж.</i>	Имущественные наказания в уголовном праве.....	98
<i>Дауталиев Қ.Н.</i>	Абайтану және құқықтаным: академик Салық Зиманов зерттеулерінің ізімен.....	103
<i>Сақ Қ.Ө., Ертасова Г.Қ.</i>	Зиманов – көсемсөз зергері.....	110
<i>Арыстамбаева С.А.</i>	Салық Зиманов – юрист и философ.....	114
<i>Канатов А.К.</i>	Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан: правовой анализ.....	115
<i>Габдулина Б.А.</i>	Академик Салық Зиманов – ғасырлар тоғысындағы тарихи тұлға.....	118
<i>Баймолдина С.М.</i>	Академик НАН РК Салық Зиманович Зиманов – величайший ученый современности.....	127
<i>Балғынтаев А.О.</i>	Салық Зимановтың құқық қорғау және сот органдарын жетілдіру жөніндегі кейбір көзқарастары.....	130
<i>Мергембаева Н.Б.</i>	Институт биев в уголовном судопроизводстве на современном этапе.....	133
<i>Бексултанова Р.Т.</i>	Суд биев как демократический институт отправления правосудия в современном Казахстане.....	137
<i>Даурембеков Е.Қ.</i>	Қазақстандағы медиация институтының қазіргі жағдайы мен даму келешегі.....	139
<i>Абдилов К.С.</i>	Споры и конфликты в древнем обществе, происхождение судов.....	142
<i>Нурмагамбетова С.Б.</i>	От «бонапартизма» к «авторитаризму», или особенности становления французского конституционализма.....	146
<i>Сейдеш Б.Б., Мурзағалиев Е.Ч.</i>	Қазақстан Республикасының егемендігі мен мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі академик С.Зимановтың халықаралық құқыққа қосқан жекелеген үлесі.....	151
<i>Джигитова Р.Н., Симанова Г.Т.</i>	Салық Зиманов – ұлтымыздың мақтанышы, заң ғылымдарының тірегі.....	154

<i>Салауатов М.С., Маханова А.С.</i>	Салық Зиманұлы Зиманов – ғұлама заңгер, ұстаз, қайраткер.....	157
<i>Тоқабаетаева Б.М.</i>	Халқының абыз ақсақалы.....	159
<i>Кемербай Р.А.</i>	Әділдік және философия.....	164
<i>Оңланбетова Ғ.</i>	Заң ғылымының корифейіне – 100 жыл.....	166
<i>Губайдуллин М.Г.</i>	Заңғар заңгер Салық Зиманов шығармаларының ерекшеліктері.....	167
<i>Мырзатаев Н.Д.</i>	Жоғары заң білімін беруді жетілдіру барысында С. Зимановтың алатын орны.....	171
<i>Қарабаев Ф.Ж.</i>	С. Зимановтың құқық саласындағы ұйымдастырушылық қызметінің кейбір көріністері.....	175
<i>Каржаубаев С.С.</i>	К проблемным вопросам юридического образования.....	178
<i>Өмірзақов П.Қ.</i>	Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны орғауды экономикалық реттеуді жетілдіруде шетелдердің тәжірибесін қолдану.....	183
<i>Омарова Б.А.</i>	Административные процедуры в сфере недропользования в свете принятия нового административного процедурно- процессуального кодекса Республики Казахстан.....	186
<i>Капсаямова С.С., Капсаямов К.Ж.</i>	Анализ правового состояния организации государственного аудита и финансового контроля Республики Казахстан.....	191
<i>Бердібаев Н.М.</i>	Халық үніне құлақ асатын университеттен халық үніне құлақ асатын мемлекетке.....	195
<i>Жадауова Ж.А.</i>	К вопросу о совершенствовании законодательства Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию.....	202
<i>Жунусбекова А.Ж.</i>	Су ресурстары саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметі.....	208
<i>Майшекина Э.С., Амерханова И.К.</i>	Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үрдісін құқықтық реттеудің жетілдіру жолдары.....	212
<i>Найманбай А.Р., Жусипова Б.А.</i>	Академик С.Зиманов еңбектеріндегі адами құндылықтар мен руханият мәселесі.....	218

3-бөлім. Конференция фотолары **Часть 3. Фотографии конференции**

Академик Зиманов С.З. атындағы аудиторияның тұсаукесері Открытие кабинета имени академика С.З.Зиманова.....	222
Конференцияның жалпы отырысы Пленарное заседание конференции.....	225
Ұйымдастыру сәтінен Организационные моменты.....	233

4-бөлім. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұсынымдары **Часть 4. Рекомендации республиканской научно-практической конференции**

Қазақ тілінде	238
Орыс тілінде.....	240

Қаламыңыз талмасын!

«Қарттық жаспен өлшенбейді». Бәз біреулер 30-ында 90-дағы шалдай жүреді, Ал – Сәкеңдер!!! Сөз арасында одан таусылмайтын күш қуатты қайдан алатынын сұраған болатынмын. Сонда ғұлама аға «Сендер, күн санайсыңдар, ай санайсыңдар, жыл санайсыңдар. Қаншаға келгендеріңді санап, қартайғандарыңды да той етесіңдер. Менің осының бәріне де титтей уақытым жоқ. Жазудан қолым тимейді, әлі істелмеген жұмыстарым қаншама» деп жауап берді. Иә, сана-сезімі жалындаған жігіттердей жарқын ойға толы адам қалай қартайсын! Оның таңғы сағат 4.00-ден басталатын жұмыс кестесі кешке дейін ұлты үшін, оның болашағы үшін ерінбей еңбек етеді. Кейде қазақта зиялы қауым бар ма осы деген сөзді де естіп жататынбыз. Бірақ, сөздің қадірі кеткен тұста, алтын басының қадырын аяққа таптатпай қаламын алып, ақырын ғана жазуын жазып жүрген ардақты ағаның қарапайым тірлігі сол кезде мені өзіне соншама тәнті етті. Жүректі тебірентті, үнсіз егілтті. Бір қызығы, қаһарман аға осы мақаланы сол кезде жариялауымызға да жазуымызға да үзілді-кесілді қарсы болды. Зимановтай зиялы тұлғаларды таныған осындай сәтте «Қазақта ұл туар ма, сіздей тағы» деп тамсана әрі таңдана қарап қош айтысқан кезді мәңгі есте сақтап қалдым.

20 жасынан бастап 90 жасқа дейінгі өмір жолына саралап, халқымыздың қаһарман ұлына өз дәрежесінде атақ берілуі де тиіс-ау деген ой келеді. Ұлылардың да ұлылығы да сонда шығар, олар атаққа - құл емес, қайта табандарына таптап, кешегі Бауыржан атамыздай өр кеудесін имей өтеді. Бүгінде Зимановтың да шәкірттері оның еңбегін білетін азаматтар «Халық қаһарманы» атағына лайық екенін дәлелдеп, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында ескерсе екен деген тілегіміз бар.

ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ

КЕМЕРБАЙ Рауан Амантайұлы

*PhD докторы, философия кафедрасының аға оқытушысы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан*

Аңдатпа. Мақалада белгілі заңгер-ғалым Салық Зимановтың шығармашылығы зерделенеді. Әділдік түсінігі философиямен байланыстыра отырып сипатталады.

Аннотация. В статье рассматривается творчество известного юриста и ученого Салыка Зиманова. Описывается понятие справедливости с точки зрения философии.

Арғы замандарда грек ойшылдарының көтермеген мәселелері жоқ шығар, бәлкім. Дүниенің алғашқы субстанциясын іздеді. Өмірдің мәнін тапқысы келді. Сонымен қоймай, Эллада елінде әділдік орнап, заңның үстемдік еткенін қалады. Дүниені тануға бел байлап, барын салды. Білім, ғылымды игеруге күш салып, өздерінің еңбектерін қалдырды. Оларды әділеттілік туралы ғана емес, әділет сөзінің табиғаты да қызықтырған болатын. Көптеген ғалымдардың ұстанымы бойынша «әділеттілік» мемлекетті құраушы негізгі фактор. Өйткені, өмірде әділдік, тәртіп болмаса, бұл өмірдің құны жоқ. Құн болмаған жерде әдепте, мәдениетте, өркендеуде болмайтындығы анық.

Сол замандардағы алғашқы философ, ойшылдардың көтерген мәселелері бүгінгі күнде де өзекті. Әлі де күн тәртібінен түскені жоқ. Себебі, әділеттілік әр адамға тікелей қатысты, оның көңіл күйін анықтап, тағдырына әсер етеді. Ғылыми, құқықтық, әлеуметтік мәнімен қатар, саяси сипаты да зор. Әділетті қоғам мемлекеттің өсіп-өркендеуіне жол ашып, прогрестің алғы шартына айналады. Көбінесе, әділеттілік – әлеуметтік, демократиялық қозғалыстардың да басты ұранына айналғандығын көріп жүрміз. «Не әділ болса, сол мәңгілік» деп қазыналы қарияларымыз бекер айтпаса керек.

Менің бүгінгі тақырыбым – әділеттілік. Осы ұғым туралы ойымды елімізге белгілі, құқық саласының майталманы, академик – Салық Зимановтың шығармашылығымен байланыстырып жазғым келді. Өйткені заң ғылымы үшін әділеттілік, әділетті қоғам орнату

қаншалықты зор болса, философия ғылымы үшінде сондай маңызды тақырып. Екі ғылым үшінде әділеттілік бірдей категория. Бір – арман!

Зандылық пен әділдік – кез-келген мемлекеттік тірегі болуы тиіс. Егерде осындай құндылықтар сақталмай жатса, ондай мемлекеттің болашағы бұлыңғыр. Халық бұндай мемлекеттен қауіптеніп, басқа елге көшіп кетуі әбден мүмкін. Сондықтанда, шешім қабылдайтын мемлекеттік органдардың қоғам алдында жауапкершілігі өте ауыр.

Әділдік – қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынас. Ал, өз ара қарым-қатынас әртүрлі болатындығы белгілі. Біреу әділ, шын, тура сөзін айтып жатса, екінші біреулер басқа адамдарды алдап, арбап жатқанын көруге болады. Сондықтан болар, әділдік, шындық, дұрысын айту, тура сөзді жеткізу мәңгілік тақырып. Адам Ата мен Хауа Анамыз жаратылғаннан бастап әділ қоғам құруды аңсап, сол арман бүгінгі күнге де жетті. Ислам дінінде әділдік басты тақырып. Жаратушы әділ болғанды сүйеді дейді. Пайғамбарымызда әділетті мұсылмандарды өте жақсы көрген. О дүниеде әділетті сот болатындығына да кәміл сендіреді. Алла Тағаланың әділдігі турасында Құран Кәрімде 300 астам аят кездесетіндігін молдалар жиі айтады. Сондай аяттың бірінде «Қиямет күнінде әділ болғандарға Алла Тағала нұрдан жасалған таққа отырғызады» деп жазылған екен. Салық Зиманов ағамызда Ислам дінінің қағидаларын, құндылықтарын терең біліп, үнемі Ислам шариғаттарын сұхбаттары мен еңбектерінде келтіріп отырады. 1998 жылы жарыққа шыққан «Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері» атты еңбегінде қазақтың әдет-ғұрып заңдарының жүйесін саралап, бостандық және әділеттілікке негізделген ережелерді талдап көрсетеді.

Бұдан көретіндігіміз, әділдік, шындық идеясы барлық замандарда қоғамдық келісімнің басты ұстанымы. Қоғамды, мемлекетті, отбасын ұстап тұрғанда осы ұғым. Тәртіп, ережені бұлжытпай орындау, сақтауда үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Жер астындағы қазба байлықты игеріп, бөлу кезінде әділдік болмаса, халықтың наразылығы туындауы әбден мүмкін. Адамдар арасындағы балансты ұстап тұратын осы – әділдік ұғымы. Билік пен әділдік бірге жүрмесе қоғамдағы толқулар орын алады. Билік осы әділдік шекарасынан шығып кетпеуі өте маңызды.

Әділдік қоғамда қандайда бір міндеттемелерді жүктейді. Бұл қасиетті адамдар өте қатты бағалайды, әрі басқалардан осындай әділдік, шындықты талап етеді.

Әділ, әділет, әділеттілік адамның жоғары адамшылық қасиетінің жиынтығы. Ата бабаларымыз баласына ат бергенде әділ болсын деп «Әділ», «Әділет» деп қоюды дәстүрге айналдырған. Ел тарихында әділдігімен көзге түскен билеріміз өте көп. Қара қалды қақ жарып, әділеттілікті ту еткен билер институты қазақ дүниетанымында кең қанат жайған.

Әділеттілік көбінесе, мемлекеттегі құқықтық нормалардың сақталуынан шығатын категория.

Еліміздің заң шығару ісіне белсене қатысқан, билер институтына қатысты жазған зерттеу еңбектерінің авторы Салық Зиманов ағамыз жөнінде ақпараттық баспасөз хаттарын көзім шалып қалды.

Әділдікті ту етіп, заң үстемдігін орнатуға бар күш-жігерін, ғұмырын арнаған ғалым ағамыздың өмірі барша қазақ халқына үлгі, өнеге. Осындай қажырлы еңбек етіп, артына өшпес ғылыми мұра қалдырған азаматтың жарқын бейнесі ұзақ сақталатындығы анық.

«Салық Зиманов отандық заң ғылымының дамуына, құқықтық мемлекеттің қалыптасуына, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан зиялы тұлға еді. Ол кісі шын мәнінде кісілік пен даналықтың үлгісіндей, әділдіктің таразысындай абыз ақсақалымыз болатын. Адамгершілік қасиеттері мол, жаны жайсаң, жүрегі кіршіксіз, абзал азаматтың елге сіңірген еңбегі мен жарқын дидарын халқымыз әрдайым жүрегінде сақтайды деп сенемін. Оның ғылымдағы мол мұрасы мен ғибратты ғұмыры кейінгі ұрпаққа үлгі болуы тиіс» - деген жүрекжарды көңіл айту жеделхатында Елбасы ғалым ағамыздың қасиеттерін атап өтеді.

Қазақстандағы заң ғылымының негізін салушылардың бірі Салық Зимановты бүкіл заң саласындағы қызметкерлер біледі. Ежелгі Рим империясы өзінің үш нәрсесімен әлемді жаулап алғандығы айтылады. Соның бірі «рим құқығы». Яғни, құқық саласында білім алған студент міндетті түрде осы курсты оқитындығы мәлім. Біздің заң саласында білім алып

жатқан студент, жас ғалымдар, жалпы барша зиялы қауым үшін Салық Зимановтың еңбектері таптырмас мұра, тұнып тұрған білім көзі. Әділдік ең жоғарғы эталоны болған Салық Зимановтың ақ арманы, заңның үстемдігі жасай берсін.

«Еліңде кімің бар десе, мен академик Салық Зимановты айтар едім. Бұл пікірді бұл күндері бүкіл зиялы қауым, ғылыми орта және саяси элита бүкпесіз, ашық әрі мақтанш сезіммен жеткізетініне еш шүбәміз жоқ. Ғұлама заңгер-ғалымның мінсіз таза абыройы мен зиялы болмыс-бітіміне, бай мінезіне, мінез дегенде турашылдық пен ақиқатқа ғана жүгіне білетін аузы дуалы шешендігіне, қазыналы ел ағасы атануына тікелей байланысты» дейді Мейрамбек Төлепберген. Ғалым, қайраткер ағамыздың тұлғалық, шығармашылығына қатысты көптеген мақала, пікірлерді замандастары жазған Қазақ ұлттық университеті шығаратын «Өнегелі өмір» атты кітаптан табуға болады. Жастарға осы кітапты оқуға кеңес берем. Сонда Салық Зиманов ағамыздың барлық қырлары мен сырларына қаныға түседі.

Әділеттілік – әлеуметтік философияның негізгі тақырыптардың бірі. Әділетсіздік, алдау, арбау, өтірік, екі жүзділік көрсеңіз сізде де бұлқан-талқан болып, көңіл күйіңіз түсетіндігі белгілі. Содан болар, үнемі әділетті қоғам құруды көздейміз, аңсаймыз. Қандай жағдай болмасын әділдіктің тұғыры биік болуын Алла Тағала нәсіп етсін!

«Кімде кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ» деп Хакім Абай айтқандай әділдікті ту еткен Салық Зиманов ағамыздың өмір жолы барша азаматқа үлгі-өнеге дер едім.

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КОРИФЕЙІНЕ – 100 ЖЫЛ

ОҢЛАНБЕКОВА Ғалия Мұратқызы

заң ғылымдарының докторы, Алматы қалалық Бостандық аудандық сотының судьясы, Алматы

Қазақстанның заң саласындағы тұңғыш академигі Салық Зимановты бүкіл Қазақстан заңгерлерінің атасы әрі патриарх, ұстазы десек артық айтқандық болмас. Қазақстанның заң ғылымын дамыту жолындағы қыруар проблеманы қозғап, оларды жүздеген мақалалар мен кітаптар жазды. Ол 1961 жылы Мәскеуде докторлық диссертациясын қорғап, 1966 жылы академик атанды. Салық Зиманұлы мемлекеттік тіл оның қазақ қоғамындағы маңызы туралы ой-пікірлерін бұқаралық ақпарат құралдарында 1990 жылдан бастап жариялады. Жариялап қана қоймай, мемлекеттік тілдің Конституцияда алатын орнына дейін белгілеп берген заңгер.

Еліміздің саяси және құқықтық тарихында жарқын із қалдырып, аты аңызға айналған академиктің өмірден өткеніне он жыл болды. Ол өзінің 91 жылдық ғұмырында еліміздің заң білімі мен ғылымының қалыптасып, өркендеуіне баға жетпес үлес қосты. Атап айтсақ, Салық Зиманов қазақстандық парламентаризмінің қалыптасуы мен дамуын анықтаған ҚазССР және ҚР Жоғарғы Кеңесінің XII және XIII шақырылымдарында аса белсенді депутаттар қатарында болып, тәуелсіздігіміздің нығаюына атсалысты. Сонымен қатар, заңгердің Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларацияны, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" тарихи конституциялық заңды, 1993 жылғы Конституцияны әзірлеуде еңбегі орасан болды.

Заң ғылымы корифейінің ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен эволюциясының әдіснамалық, тарихи, саяси-құқықтық аспектілері түсіндірілген мемлекеттік құрылыс мәселелері жөніндегі жұмыстары үлкен ғылыми және саяси маңызға ие. Сол себепті, Салық Зиманұлын ой мен білімді индукциялау мен аударудың ғылыми жазбаша желісінің ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі қарым-қатынастың да көрнекті өкілі деуге толық негіз бар. Ой мен идеяларды жеткізуде ауызша сөз ерекше мәнге ие десек, бұл тұрғыда оның шешендік өнерімен ерекшеленетін қазақ билерінің лайықты мұрагері екені талассыз. "Қазақ құқығының ежелгі әлемі" атты іргелі он томдығы, «Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі» еңбектерінің мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі ролі зор. Зимановтың туа бітті ұстаз, яғни, оқытушы екенін және сөзге шешен болғанын бұл күнде шәкірттері тамсана мойындайды. Ұстаздың дәрістері әрбір тыңдаушыны терең ойға батырып қана қоймай, әр